



**2023 жылғы 24 мамырға (көпшілік құрам  
болмай қалған жағдайда - 2023 жылғы  
25 мамырға) тағайындалған  
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жылдық  
жалпы жиналысының материалдары**

Астана қ.,  
2023 ж.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ  
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ№ 6/2023 пункт 5

Астана қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА  
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ« 13 » сәуір 20 23 ж./г.

город Астана

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы  
жиналысын шақыру туралы****«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі ШЕШТІ:**

5.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2023 жылғы 24 мамырда келесі күн тәртібімен шақырылсын және қатысу тәртібімен (шешімдер қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы қабылданады) өткізілсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы;

3) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы;

4) «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы;

5) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

6) «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы.

5.2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Корпоративтік хатшы



А. Шманов

000976

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ**:

Қоса берілгендер бекітілсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

	мың теңге	
<b>Көрсеткіштердің атауы</b>	<b>2022 жыл</b>	<b>2021 жыл</b>
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	212 136 196	214 832 985
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	<b>(179 084 114)</b>	(148 937 822)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>33 052 082</b>	65 895 163
Әкімшілік шығыстар	<b>(11 860 002)</b>	(10 988 469)
Қаржылық кірістері	<b>11 269 774</b>	4 354 600
Қаржылық шығыстары	<b>(4 776 859)</b>	(4 116 014)
Өзге кірістер	<b>4 130 710</b>	2 255 431
Өзге шығыстар	<b>(17 270 968)</b>	(5 458 509)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>14 544 737</b>	51 942 202
Табыс салығы бойынша шығыстар	<b>(6 175 462)</b>	(13 429 793)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>8 369 275</b>	38 512 409
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<b>22</b>	100
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1 011 812 314</b>	848 739 689
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>238 046 342</b>	200 598 316
<b>Капиталдың барлығы</b>	<b>773 765 972</b>	648 141 373
<i>Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)</i>	<b>2 009</b>	1 682

2) «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

	мың теңге	
<b>Көрсеткіштердің атауы</b>	<b>2022 жыл</b>	<b>2021 жыл</b>
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	255 627 309	238 176 116
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(219 434 650)	(173 246 278)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>36 192 659</b>	<b>64 929 838</b>
Әкімшілік шығыстар	(16 539 471)	(15 549 677)
Қаржылық кірістері	4 028 576	3 201 187
Қаржылық шығыстары	(4 778 915)	(4 116 159)
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	15 973 820	12 788 333
Өзге кірістер	3 972 552	3 095 309
Өзге шығыстар	(13 923 109)	(1 350 992)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>24 926 112</b>	<b>62 997 839</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	(5 124 419)	(12 390 832)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>19 801 693</b>	<b>50 607 007</b>
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	51	132
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1 235 417 960</b>	<b>983 162 521</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>322 964 635</b>	<b>246 054 505</b>
<b>Капиталдың барлығы</b>	<b>912 453 325</b>	<b>737 108 016</b>
<i>Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)</i>	<i>2 350</i>	<i>1 897</i>

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлерінің жалпы**  
**жиналысының**  
**2023 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_**  
**№ \_\_\_\_\_ шешімі жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселеге «ҚазТрансОйл» АҚ-тың түсіндірме жазбасы**

Астана қ.

2023 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

**1. Мақсат және міндет**

Осы мәселенің мақсаты және міндеті «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекітуі болып табылады.

**2. Экономикалық тиімділік**

Қаржылық есептілік Қоғамның мүліктік жай-күйін, қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалау үшін ақпаратты қамтиды. Қаржылық есептілікті талдау қаржылық ресурстарға қажеттілікті айқындауға, капитал құрылымының тиімділігін бағалауға, Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелерін болжауға, сондай-ақ Қоғамның қаржылық ресурстарын және қаржылық-шаруашылық қызметін басқарумен байланысты басқа міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

**3. Жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені қысқаша сипаттау**

Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін олардың талқылауы және бекітуі үшін жыл сайын ұсынады.

Бұл ретте, акционерлік қоғамның Акционерлері жалпы жиналысының аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту бойынша тиісті құзыреті «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасымен көзделген.

Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен ұсынылады:

Көрсеткіштердің атауы	2022 жыл	2021 жыл	мың теңге
			Өзгеру, %
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	212 136 196	214 832 985	-1%
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(179 084 114)	(148 937 822)	20%
<b>Жалпы пайда</b>	<b>33 052 082</b>	65 895 163	-50%
Әкімшілік шығыстар	(11 860 002)	(10 988 469)	8%
Қаржылық кірістері	11 269 774	4 354 600	159%
Қаржылық шығыстары	(4 776 859)	(4 116 014)	16%
Өзге кірістер	4 130 710	2 255 431	83%
Өзге шығыстар	(17 270 968)	(5 458 509)	216%
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>14 544 737</b>	51 942 202	-72%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(6 175 462)	(13 429 793)	-54%
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>8 369 275</b>	38 512 409	-78%
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<b>22</b>	100	
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1 011 812 314</b>	848 739 689	19%
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>238 046 342</b>	200 598 316	19%
<b>Капиталдың барлығы</b>	<b>773 765 972</b>	648 141 373	19%
<i>Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)</i>	<b>2 009</b>	1 682	

Қоғамның 2022 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен ұсынылады:

Көрсеткіштердің атауы	2022 жыл	2021 жыл	мың теңге
			Өзгеру, %
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	255 627 309	238 176 116	7%
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(219 434 650)	(173 246 278)	27%
<b>Жалпы пайда</b>	<b>36 192 659</b>	64 929 838	-44%
Әкімшілік шығыстар	(16 539 471)	(15 549 677)	6%
Қаржылық кірістері	4 028 576	3 201 187	26%
Қаржылық шығыстары	(4 778 915)	(4 116 159)	16%
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	15 973 820	12 788 333	25%
Өзге кірістер	3 972 552	3 095 309	28%
Өзге шығыстар	(13 923 109)	(1 350 992)	931%
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>24 926 112</b>	62 997 839	-60%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(5 124 419)	(12 390 832)	-59%
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>19 801 693</b>	50 607 007	-61%
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<b>51</b>	132	

(жалғасы)

Көрсеткіштердің атауы	мың теңге		
	2022 жыл	2021 жыл	Өзгеру, %
Активтер жиыны	1 235 417 960	983 162 521	26%
Міндеттемелер жиыны	322 964 635	246 054 505	31%
Капиталдың барлығы	912 453 325	737 108 016	24%
Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)	2 350	1 897	

Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленді және оған Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 25 қаңтардағы шешіміне (№1/2022 хаттама) сәйкес 2022-2024 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып белгіленген «Эрнст энд Янг» ЖШС аудит жүргізді.

Осыған байланысты, Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселе шығарылады.

Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Басқармасы мақұлдады және Директорлар кеңесі алдын ала бекітті.


#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

 **Т. Құрманбаев**

## **«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

### **«ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ**:

1. Бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан «ҚазТрансОйл» АҚ-тың, БСН 970 540 000 107, қосымша құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы 2012 жылғы 29 тамыздағы сериясы 62001 №0015217 куәлік, Кбел6, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, SWIFT BIC: HSBKKZKX, KZ536010111000012185 (теңге), 2022 жылғы қорытындылар бойынша алынған 19 801 693 000 (он тоғыз миллиард сегіз жүз бір миллион алты жүз тоқсан үш мың) теңге мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі:

дивидендтерді төлеуге 15 000 495 861 (он бес миллиард төрт жүз тоқсан бес мың сегіз жүз алпыс бір) теңге мөлшеріндегі соманы жұмсау;

таза кірістің 4 801 197 139 (төрт миллиард сегіз жүз бір миллион бір жүз тоқсан жеті мың бір жүз отыз тоғыз) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын бөлмей, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың иелігінде қалдыру;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі 2022 жылғы дивиденд мөлшері 39 (отыз тоғыз) теңге сомасында.

2. 2022 жылғы қорытындылар бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің тізімі 2023 жылғы 5 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілсін.

3. 2022 жылғы қорытындылар бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің басталу күні 2023 жылғы 13 маусымға белгіленсін.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу оларды «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіппен өз бетінше және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы аудару жолымен ақшалай жүргізілсін.



5. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_**  
**№ \_\_ шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту мәселесі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ түсіндірме жазбасы**

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекітуі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекітуі.

**2. Міндеті**

Қоғамның 2022 жылғы таза кірісін Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы отырысының 2012 жылғы 3 шілдедегі №75 хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Дивидендтік саясатына және «ҚазТрансОйл» АҚ таза кірісін бөлу тәртібіне сәйкес акционерлер арасында бөлу.

**3. Экономикалық тиімділігі**

Қоғам қызметі тұрақтылығының, табыстылығының және тиімділігінің көрсеткіші болып табылатын Қоғамның өз акционерлері алдындағы міндеттемелерін орындауы.

**4. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам дивидендтерінің мөлшері «ҚазТрансОйл» АҚ Дивидендтік саясатына және «ҚазТрансОйл» АҚ таза кірісін бөлу тәртібіне сәйкес

айқындалады. Дивидендтерді төлеуге бағытталған сома Қоғамның таза кірісінің 40%-інен кем болмауға тиіс. Дивидендтерді есептеу үшін Қоғамның шоғырландырылған немесе жеке таза кірісінің ең үлкен шамасы қолданылады.

Қоғамның жарияланған 384 635 600 жай акциясының 346 172 040 жай акциясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі, 38 463 559 жай акциясы 2012 жылғы 21 желтоқсанда «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру аясында «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа орналастырылды (бір жарияланған акция орналастырылмай қалды). Бұдан басқа, 2016 жылы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес миноритарлық акционердің өтініші және Қоғамның Директорлар кеңесінің кейінгі шешімі негізінде (2016 жылғы 26-27 мамырдағы №6/2016 отырыс хаттамасы) Қоғам орналастырылған 7500 дана жай акцияларды сатып алуды жүзеге асырды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 4-тармағына және Қоғам Жарғысының 7-бабы 4-тармағына сәйкес Қоғамның орналастырылмаған немесе өзі сатып алған акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді. Осыған байланысты Қоғамның орналастырылмаған бір жай акциясына, сондай-ақ сатып алынған 7500 акцияға дивидендтерді есептеу жүргізілмейді.

Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес шоғырландырылған таза кіріс 19 801 693 000 (он тоғыз миллиард сегіз жүз бір миллион алты жүз тоқсан үш мың) теңгені құрады, ал Қоғамның жеке таза кірісі 8 369 275 000 (сегіз миллиард үш жүз алпыс тоғыз миллион екі жүз жетпіс бес мың) теңгені құрады. Бұл ретте Қоғамның шоғырландырылған таза кірісінің 40%-і 7 920 677 200 (жеті миллиард тоғыз жүз жиырма миллион алты жүз жетпіс жеті мың екі жүз) теңгені құрайды.

Қоғамның 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарында 2022 жылға дивидендтерді төлеуге 10 000 000 000 (он миллиард) теңге мөлшеріндегі сома жоспарланды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі бір жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын қамтуға тиіс.

Қоғамның 2022 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындыларын, бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын, ағымдағы шығыстарды, салық міндеттемелерін орындау үшін ақшалай қаражатқа қажеттілікті, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жоспарлау комитетінің ұсынымдарын (2023 жылғы 29 наурыздағы №20 хаттама) ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі шешіміне (№6/2023 отырыс хаттамасы) сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына төмендегілерді бекітуді ұсынды:

1) 2022 жылғы қорытындылар бойынша алынған 19 801 693 000 (он тоғыз миллиард сегіз жүз бір миллион алты жүз тоқсан үш мың) теңге мөлшеріндегі Қоғамның таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі:

дивидендтерді төлеуге 15 000 495 861 (он бес миллиард төрт жүз тоқсан бес мың сегіз жүз алпыс бір) теңге мөлшеріндегі соманы жұмсау;

таза кірістің 4 801 197 139 (төрт миллиард сегіз жүз бір миллион бір жүз тоқсан жеті мың бір жүз отыз тоғыз) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын бөлмей, Қоғамның иелігінде қалдыру;

2) Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі 2022 жылғы дивиденд мөлшері 39 (отыз тоғыз) теңге сомасында.

Бұдан басқа, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылады:

1) 2022 жылғы қорытындылар бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар Қоғам акционерлерінің тізімін 2023 жылғы 5 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекіту;

2) 2022 жылғы қорытындылар бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің басталу күні 2023 жылғы 13 маусымға белгілеу;

3) дивидендтер төлеуді оларды Қоғам акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіппен өз бетінше және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы аудару жолымен ақшалай жүргізу.

#### **5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғам Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекітуі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтер мөлшерін бекітуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

**Т. Құрманбаев**

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің  
2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін  
бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітілсін.

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_**  
**шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің**  
**2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы**  
**мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсат**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының бекітуі.

**2. Міндет**

Міндет мүдделі тұлғаларды Қоғамның Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

**3. Экономикалық тиімділік**

Көзделмеген.

**4. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылған мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

Қоғамның Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018 жылғы 24 мамырдағы №1/2018 хаттама) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 94-тармағына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына бекіту үшін ұсыну арқылы Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының алдында жыл сайын есеп береді.

Бұдан басқа, Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Қоғам Акционерлері жалпы жиналысына ұсынуға жататын материалдар Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін де қамтуға тиіс.

Бұл ретте, Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту бойынша Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының тиісті құзыреті Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 14) тармақшасында қарастырылған.

Осыған байланысты Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016 жылғы 27 мамырдағы №3/2016 хаттама) бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің және Ереженің Директорлар кеңесінің

жылдық есебінің мазмұнына қоятын талаптары басшылыққа алынып, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі әзірленді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін Қоғамның Директорлар кеңесі белгіленген тәртіпте мақұлдады.

Баяндалғандар негізінде Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының қарауына Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы мәселе шығарылады.

#### **5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік**

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

#### **6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқтырмайды.

**Директорлар  
кеңесінің төрағасы**



**М. Орманов**

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ  
және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен  
оларды қарау қорытындылары туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.



**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_**  
**№ \_\_ шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ**  
**және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен**  
**оларды қарау қорытындылары туралы мәселе бойынша**  
**«ҚазТрансОйл» АҚ түсіндірме жазбасы**

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) акционерлерінің 2022 жылғы Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы Акционерлердің жалпы жиналысын хабардар ету.

**2. Экономикалық тиімділік**

Көзделмеген.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылған мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 9-бабы 3-тармағына сәйкес Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Бұдан басқа, Заңның 44-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 9-бабы 28-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

Шығарылып отырған мәселе аясында 2022 жылы акционерлерден үш өтініш келіп түсті және қаралды, оларға мынадай жауаптар берілді:

акционерден 2021 жылға арналған дивидендтер мөлшерін азайтуға қатысты алғашқы өтініш бойынша Қоғам 2021 жылға арналған дивиденд мөлшері туралы ұсыныс дайындау кезінде Директорлар кеңесі елдегі және әлемдегі қалыптасқан жағдай аясында Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз

ету қажеттілігін және акционерлердің мүддесі үшін Қоғамның ұзақмерзімді даму қажеттілігін негізге алғанын түсіндірді;

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды және онда 2021 жылғы дивидендтерді қосымша төлеу мәселесін қарауды, сондай-ақ Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда Қоғамның орналастырылған акцияларды баланстық құны бойынша сатып алуын талап еткен, 10 акционер қол қойған екінші өтініш бойынша 2021 жылғы дивидендтерді қосымша төлеу туралы мәселені қараудың мүмкін еместігі және Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы талаптар Заңның 27-бабының талаптарына сәйкес келмейтіні туралы тиісті түсініктемелер ұсынылды;

акционердің «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-ның «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту 1-кезек» жобасын іске асыру жөніндегі мәмілені «Ренко-Кат» ЖШС-мен жасасуы туралы шешіммен келіспеуіне байланысты Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуына қатысты акционердің үшінші өтініші бойынша Қоғам орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуы туралы талаптар Заңның 27-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының ережелеріне сәйкес келмейтіні туралы тиісті түсініктемелер берді.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік**

Қоғам акционерлерінің 2022 жылғы Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқтырмайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Т. Құрманбаев**

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_**  
**шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы  
мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау.

**2. Экономикалық тиімділігі**

Жоқ.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына бірқатар түзетулер енгізілді.

Осыған байланысты Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жобасы (бұдан әрі - Жоба) әзірленді, онда мыналар көзделеді:

1) Қоғам акционерге құжаттардың көшірмелерін беруден бас тартуға құқылы жағдайлар белгіленеді. Мұндай жағдайларға атап айтқанда мыналар жатады:

акционер талап қойған күнге сұратылған құжаттың электрондық нұсқасы бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамада көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған жағдай;

акционердің құжат беру туралы бірінші талабын Қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, ол соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған жағдай;

2) акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының отырысына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтан қатысу тәсілі нақтыланады;

3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыреті атап айтқанда мынадай мәселелермен толықтыру арқылы кеңейтіледі:

артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;

акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау мәселесімен толықтырылады;

5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын бірқатар басқа мәселелер нақтыланады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының астанасы - Нұр-Сұлтан қаласын Қазақстан Республикасының астанасы - Астана қаласы деп өзгертуге, сондай-ақ Астана қаласының «Нұра» жаңа ауданының құрылуына байланысты Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері бөлігінде тиісті өзгерістер енгізіледі.

Жоғарыда айтылғандардан басқа Жобада Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретін келесі мәселелермен толықтыру көзделеді:

комплаенс-бақылау қызметінің сан құрамын айқындау, оның басшысын және басқа да жұмыскерлерін тағайындау, комплаенс-бақылау қызметінің басшысымен және басқа да жұмыскерлерімен еңбек шарттарын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, комплаенс-бақылау қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, комплаенс-бақылау қызметі басшының және басқа да жұмыскерлерінің қызметін бағалау, оларды материалдық жауапкершілікке тарту туралы шешімдер қабылдау, оларға тәртіптік жаза қолдану;

комплаенс-бақылау қызметінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын, сондай-ақ Қоғамның бизнес-жоспарының құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту;

Қоғамның Ішкі аудит қызметі, комплаенс-бақылау қызметі, корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлерінің және омбудсменінің лауазымдық айлықақы сызбаларын бекіту;

Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылау қызметінің, корпоративтік хатшы қызметі мен омбудсменінің штат кестесін бекіту.

Сондай-ақ Жобамен Директорлар кеңесінің Қоғамның орталық аппараты жұмыскерлерінің (Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылау қызметінің, корпоративтік хатшы қызметінің жұмыскерлерін және омбудсменін қоспағанда) лауазымдық айлықақы сызбасын бекіту жөніндегі құзыреті, сондай-ақ Басқарманың орталық аппараттың штат кестесін бекіту

(Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылау қызметінің, корпоративтік хатшы қызметінің және омбудсменінің штат кестелерін қоспағанда) және шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарау жөніндегі құзыреті нақтыланады.

Қоғамның Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат қоса беріліп отырған салыстырмалы кестеде жазылған.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған. Осыған байланысты Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе шығарылады

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі мақұлдады

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай-да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

**Т. Құрманбаев**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ**:

1. Қоғам есеп комиссиясының мына мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын:

Тумыш Кемәл Қанатұлы - есеп комиссиясының төрағасы;

Аде Лариса Михайловна;

Накишева Гүлжазира Балкенқызы;

Тапаева Жанна Маратқызы;

Тукупов Серік Бижанұлы.

2. Қоғам есеп комиссиясының мүшелері ретінде Қоғамның есеп комиссиясы үшін белгіленген өкілеттілік мерзімге Қоғамның мына жұмыскерлері сайлансын:

Дастан Айман - есеп комиссиясының төрағасы;

Кужекенова Нұргүл Баянқызы;

Медеубаев Мақсат Маратұлы;

Омралинова Мадина Құрманбайқызы;

Оразалы Абылайхан Рахатұлы.

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_**  
**№ \_\_\_ шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың түсіндірме жазбасы**

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

Осы мәселенің мақсаты мен міндеті «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғамның есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы шешім қабылдау болып табылады.

**2. Экономикалық тиімділігі**

Көзделмеген.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылған мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

2022 жылғы 25 қаңтардағы Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№1/2022 хаттама) 2022 жылғы 13 наурыздан бастап Қоғамның есеп комиссиясының сан құрамы – 11 (он бір) адам және өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып белгіленді.

Қоғамдағы кадрлық өзгерістерді назарға ала отырып, Акционерлердің жалпы жиналыстарын ұйымдастыруды және тиісінше өткізуді қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғамның есеп комиссиясының жаңа мүшелерін Қоғам жұмыскерлері қатарынан сайлау қажет.

Баяндалғанның негізінде ұсынылады:



1) Қоғам есеп комиссиясының мына мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын:

Тумыш Кемәл Қанатұлы – есеп комиссиясының төрағасы;

Аде Лариса Михайловна;

Накишева Гүлжазира Балкенқызы;

Тапаева Жанна Маратқызы;

Тукупов Серік Бижанұлы;

2) Қоғам есеп комиссиясының мүшелері ретінде Қоғамның есеп комиссиясы үшін белгіленген өкілеттілік мерзімге Қоғамның мына жұмыскерлері сайлансын:

Дастан Айман – есеп комиссиясының төрағасы;

Кужекенова Нұргүл Баянқызы;

Медеубаев Мақсат Маратұлы;

Омралинова Мадина Құрманбайқызы;

Оразалы Абылайхан Рахатұлы.

Қоғам есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды және Қоғам есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлауды Қоғам Басқармасы мақұлдады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғам есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғам есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқтырмайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

 **Т. Құрманбаев**